



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н.
ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

**«ЖҮЙЕЛІК КӘСПКЕРЛІК: УНИВЕРСИТЕТТЕРДІҢ, БИЗНЕС
ПЕН МЕМЛЕКЕТТІҢ КООПЕРАЦИЯСЫНЫҢ АҒЫМДАҒЫ
ЖАҒДАЙЫ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ»**

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК ТРУДОВ

Международной научно-практической конференции

**«СИСТЕМНОЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО: ТЕКУЩЕЕ
СОСТОЯНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ КООПЕРАЦИИ
УНИВЕРСИТЕТОВ, БИЗНЕСА И ГОСУДАРСТВА»**

WORKS

of the International scientific and practical conference

**«SYSTEMIC ENTREPRENEURSHIP: THE CURRENT STATE
AND PROSPECTS OF COOPERATION BETWEEN
UNIVERSITIES, BUSINESS AND THE STATE»**

Нұр – Сұлтан, 2022

УДК 330
ББК 65
Ж 85

Рецензенты: вице-президент университета «Туран», д.э.н., профессор Алиев О.Ж.

профессор Евразийского национального университета им.Л.Н.Гумилева, к.э.н. Мажитов Д.М.

Редакционная коллегия

Майдырова А.Б. – д.э.н., профессор, заведующий кафедрой, Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, г.Нур-Султан

Мырзахмет Ж.К. – PhD, доцент, Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, г.Нур-Султан

Мырзахмет М.К. – к.ф/м.н., доцент Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, г.Нур-Султан

Ауелбекова А.К. – к.э.н., доцент, Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, г.Нур-Султан

ISBN 978-601-337-675-2

«Жүйелік кәсіпкерлік: университеттердің, бизнес пен мемлекеттің кооперациясының ағымдағы жағдайы мен перспективалары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. –Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2022. -224б.

Сборник трудов международной научно-практической конференции «Системное предпринимательство: текущее состояние и перспективы кооперации университетов, бизнеса и государства». –Нур-Султан: Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, 2022. -224с.

Works of the International scientific and practical conference «Systemic entrepreneurship: the current state and prospects of cooperation between universities, business and the state». - Nur-Sultan: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022. -224p.

УДК 330
ББК 65

ISBN 978-601-337-675-2

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2022

© Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2022

© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022

Қолданылған әдебиеттер

1. Бобылева Е.Д. Управление персоналом: в кадре и за кадром // Деловые вести. - №3. - 2016.
2. Досымбекова, Р.Ш. Государственная кадровая политика в Республики Казахстан: политические функции и модели: монография
3. <https://kz.kursiv.media/2019-11-01/osnovy-kadrovoy-politiki/>
4. Денисова О.К. (2012). Проблемы формирования интеллектуального потенциала нации как условие развития экономики знаний страны. «Вестник Инновационного Евразийского университета», №3.
5. https://www.akorda.kz/ru/executive_office/executive_office_stucture/otdel-gosudarstvennoi-sluzhby-i-kadrovoy-politiki
6. Основные показатели научно-исследовательских и опытно-конструкторских работ в Республике Казахстан. (2020). Статистический бюллетень
7. Бейсебеков, А.И. Кадровый потенциал государственной гражданской службы: духовнонравственные проблемы: монография. / А.И. Бейсебеков, РАГС, 2010. – 122 с.
8. Сулемов, В.А. Государственная кадровая политика в современного Казахстана: теория, история, новые реалии: монография. – М.: Изд-во РАГС, 2018. – 390 с.
9. <https://articlekz.com/article/10825>
10. https://www.akorda.kz/ru/executive_office/executive_office_stucture/otdel-gosudarstvennoi-sluzhby-i-kadrovoy-politiki

ӘОЖ 338.12

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҰРАҚСЫЗДЫҚ КЕЗІНДЕГІ ЖАҒДАЙЫ

Қазтаева Лаура Шоханқызы

cas.7@bk.ru


«Экономика» мамандығының магистранты, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Ауелбекова А.Қ.

Қазақстан үшін минералдық-шикізат база, әсіресе мұнай – егемендіктің нышаны, күнкөріс құралы және болашақ гүлденудің қайнар көзі. Қазақстанның мұнай-газ секторы соңғы онжылдықтарда ұлттық экономиканың өсуін қамтамасыз етіп отырған маңызды сала болып табылады. 2020 жылдың теріс нәтижелеріне қарамастан, 2021 жыл Қазақстан Республикасының мұнай өнеркәсібі үшін аса маңызды болды: бірнеше ірі дамыту жобалары аяқталып, 2020 жылғы пандемияға байланысты тоқтап қалған немесе ішінара қысқартылған жобалар жалғаса бастады. Алайда 2021 жылы сала үшін негізгі

қауіп бағаның құбылмалылығы мен кен орындарындағы эпидемиологиялық жағдай болып қала берген.

2020 жылы мұнай өндірудің төмендеуі соңғы 10 жылдағы ең терең құлдырау болды. 2020 жылы Қазақстан Республикасында мұнай өндіру көлемі 7,2%-ға, 73 млн тоннаға дейін қысқарды. Ал 2021 жылдың қорытындысы бойынша мұнай өндіру көлемі 85,7 млн тоннаға дейін ұлғайды (сурет 1) [1].

2020 жылы мұнай өндірудің төмендеуіне бірнеше факторлар әсер етті. Біріншіден, жылдың басында үлкен қарқынмен дамыған COVID-19 пандемиясының және негізгі ойыншылар - Ресей мен Сауд Арабиясы арасындағы қақтығыстың аясында сұраныстың төмендеуі және ұсыныстың артуы байқалды. Қысқа мерзімді келіссөздерден кейін ОПЕК+ келісімі қалпына келтіріліп, Қазақстан ұйымның басқа мүшелерімен бірге өндірісті қысқарту бойынша міндеттемелерді өз мойнына алды. Осыған байланысты кеңейтілген мұнай картельді мүшелерінің келісімі бойынша Қазақстан үшін 1427 мың баррель көлемінде квота белгіленді, 2021 жылдың басында ол 1 437 мың баррельге дейін өсті.



Сурет - 1. Қазақстан Республикасындағы мұнай өндірісі

Ескерту – [1] әдебиет негізінде автормен құрастырылды

Екіншіден, мұнай бағасының төмендеуіне, сондай-ақ карантиндік шараларға байланысты өндірісті қолдауға арналған күрделі шығындар оңтайландырылып, даму жобаларын іске асыру бойынша жекелеген іс-шаралар кейінге қалдырылды. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы 2020 жылы мұнай-газ өндіруші кәсіпорындардың негізгі капиталына салынған инвестиция көлемінің 30,2%-ға азайғанын хабарлады. Жалпы экономикадағы мұнай және газ өндіру үлесі бір жылда 37,8%-дан 27,1%-ға дейін төмендеді. Бұл Қазақстанның барлық ірі кәсіпорындарына (-24,9%) және тұтастай алғанда экономикаға (-3,4%) инвестицияның қысқаруына айтарлықтай әсер етті (сурет 2) [2].



Сурет - 2. Қазақстан Республикасындағы мұнай және газ өндіру кәсіпорындарының негізгі капиталына инвестициялар

Ескерту – [2] әдебиет негізінде автормен құрастырылды

Қазақстандық мұнай өнеркәсібінің негізгі инвесторлары резидент еместер болғандықтан, тікелей шетелдік инвестициялар (ТШИ) де қысқарды. Мұнай және газ өндірудегі жалпы ТШИ 2020 жылы 59,2%-ға азайып, 5,0 млрд долларды құрады. Бұл 2015 жылдан бергі ең төменгі көлем (2,7 млрд доллар).

2020 жылы алғашқы 10 мұнай өндіруші компанияның құрылымында айтарлықтай өзгерістер болған жоқ. Соңғы бірнеше жылда үш компания – Теңізшевройл, Қашаған Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг көшбасшы болып қалды (кесте 1).

Кесте - 1. 2020 жылғы мұнай өндіру бойынша Қазақстан Республикасының ірі кәсіпорындарының рейтингі

№	Кәсіпорын	2020 жылғы мұнай өндіру көлемі, мың тн	Динамика, %	2020 жылғы Қазақстандағы өндіріс үлесі, %
1	Теңізшевройл	26 458	-11,2	30,9
2	NCOC (Қашаған)	15 142	7,2	17,7
3	Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг	12 157	7,8	14,2
4	Маңғыстаумұнайгаз	5 954	-7,1	7,0
5	Өзенмұнайгаз	5 347	-4,3	6,2
6	СНПС-Ақтөбемұнайгаз	3 046	-18,7	3,6
7	Ембімұнайгаз	2 601	-10,3	3,0
8	Қаражанбасмұнай	2 002	-7,5	2,3
9	Қазгермұнай	1 555	-30,2	1,8
10	Бозащы Оперейтинг	1 090	-12,6	1,3


Ескерту – автормен құрастырылған

Теңізшевройл өндіріс көлемінің қысқарғанына қарамастан саланың көшбасшысы болып қала береді: 2020 жылы Теңізде 26,5 млн тонна (-11,2%)

өндірілді. Бұл кен орнының үлесіне барлық қазақстандық шикі мұнайдың шамамен 31% келеді.

Теңіз елдегі коронавирусқа байланысты жұмысы қысқартуға мәжбүр болған алғашқы ірі өнеркәсіптік нысандардың бірі болды. Компанияның мәліметі бойынша, COVID-19 індетіне байланысты Болашақ кеңею жобасы және ұңғыма сағасындағы қысымды басқару жобасы (БКЖ-ҰСҚБЖ; аяқталуы 2023 жылы күтілуде) бойынша жұмыс істеген барлығы 27 000 компания мен мердігер қызметкерді эвакуациялауға тура келді. Жылдың көп бөлігінде ККЖ-ҰЕҚБЖ бойынша тек маңызды жұмыстар жүргізілді, жоба бойынша ілгерілеу 74%-дан 80%-ға дейін жетті.

Соңғы онжылдықта Қазақстанның мұнай-газ саласына тартылған тікелей шетелдік инвестицияның көлемі 70 миллиард доллардан асты. Энергетика саласында әлемдік көшбасшылардың кең көлемде қатысуы аймақтың инвесторлар үшін тартымдылығын көрсетеді. Мұнай өнеркәсібіне салынған инвестициялар барлық ТШИ-нің шамамен 50%-ын құрайды (сурет 3).



Сурет - 3. Қазақстан Республикасының мұнай және газ өндірісімен байланысты секторына ТШИ жалпы ағыны, млрд доллар

Ескерту – ҚР ҰБ деректері

БКЖ-ҰСҚБЖ қаржыландыруы аясында 2020 жылдың шілде айында Теңізшевройл 2025 және 2030 жылдары өтеу мерзімі 1,2 миллиард АҚШ долларын құрайтын екі еурооблигация шығарылымын орналастырды.

Сонымен қатар, Қашағанда да өндіріс өсті: 2020 жылдың соңында мұнда 15,1 млн тонна мұнай өндірілді (+ 7,2%), жобаның ұлттық өндірістегі үлесі 18%-ға жақындады. 2020 жылы кен орны өнеркәсіптік игеріле бастағанына төрт жыл толды. Осы кезеңде өндірілген мұнайдың жалпы көлемі 50 миллион тоннадан, газ 13 миллиард текше метрден асты [3].

12,2 миллион тонна өндірілген Қарашығанақ та 2019 жылмен салыстырғанда 7,8 пайызға өсті. ҚПО мәліметінше, өткен жылы тұрақты сұйық көмірсутектердің жалпы өндірісі кен орны үшін тарихи рекорд болып табылады. ҚПО карантиннің кері әсерін болдырмай, негізгі үш бағыт бойынша да – газ бен мұнай өндіру және газды қабатқа кері айдау бойынша өндіріс жоспарын асыра орындады.

4-ші орыннан 10-шы орынға дейін алғашқы 10-дықта орналасқан кәсіпорындар тобында 2020 жылы өндіріс көлемінің төмендеуі байқалған: «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ - 7,1%-ға, «Өзенмұнайгаз» және «Ембімұнайгаз» - 4,3 және 10,3%-ға, «Қаражанбасмұнай» - 7,5%-ға қысқарған. 2020 жылы өндірістің ең терең құлдырауы «Қазгермұнай» АҚ-да болды – 30,2%-ға.

Он ірі мұнай компаниясының сегізінде акцияларға иелік ететін «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының нәтижелері туралы бөлек айту керек. 2020 жылдың соңында ұлттық компания бақылайтын өндіріс көлемі 7,9%-ға (21,8 млн тоннаға дейін) қысқарды. Осылайша, Қазақстан Республикасындағы мұнай өндірудің жалпы көлеміндегі ҚМГ үлесі бір жыл ішінде 26,1%-дан 25,4%-ға дейін аздап төмендеді. Еліміздегі әрбір ірі жобада ұлттық компанияның үлесі > 10 пайызды құрайтын мұндай активтер құрылымын құру саясаты өзін ақтап отыр [4]. Бірақ компанияның қарамағындағы дәлелденген қорлар азаюын жалғастыруда: 2020 жылы олар 8,0%-ға төмендеді.

ҚМГ-ның қаржылық нәтижелері 2020 жылы өткен жылмен салыстырғанда нашар, бірақ компанияның жағдайы тұрақты. Жылдағы кіріс 33,6%-ға (4,6 трлн теңге), EBITDA – 41,3%-ға (1,1 трлн теңге), таза пайда жеті есеге – 172 млрд теңгеге дейін төмендеді. Бұл ретте компания оң бос ақша ағынын алды (88 млрд теңге; -85%), бұл ретте жалпы және таза қарыз азайды (тиісінше 3,4 және 0,2%). Қазақстанның мұнай секторының өндірістік қуаты ірі жобалардың төңірегінде шоғырланған және шоғырлану деңгейі артып келеді. Егер 2019 жылы алғашқы 10 компанияның үлесіне өндірістің 87,8%-ы тиесілі болса, 2021 жылы шоғырлану 88,0%-ға дейін өсті, алғашқы 5 компанияда шоғырлану 74,2-ден 76,0%-ға дейін өсті, ал үш ірі жоба мұнай өндірудің 62,8%-ын береді. Ұзақ мерзімді перспективада жобалардың салмағы өсіп, 2030 жылға қарай кем дегенде 75%-ға жетеді деп жоспарлануда.

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасының мұнай-газ секторы COVID-19 пандемиясына байланысты 2020 жылы күйзеліске ұшырап, мұнай өндірудің соңғы 10 жылдағы ең төменгі деңгейіне жеткен болатын. 2021 жылы сала пандемияға дейінгі деңгейге әлі де толықтай жетпегенімен, айтарлықтай нәтижелерге жетіп отыр. Оған қарамастан, ОПЕК+ келісімінің мерзімін ұзартқаннан кейін және ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында мұнай бағасының оң көтерілуінен кейін негізгі қысқа мерзімді тәуекел мұнай өндірушілердегі эпидемиологиялық жағдайдың нашарлауы мен баға құбылмалығы болып қала береді [5]. Бұл тәуекелдерге қарамастан, салада көптеген жобалар жоспарлануда. Ағымдағы маңызды жаңа жобалардың бірі мұнай және газ конденсатын есепке алудың ақпараттық жүйесін (ШМЕАЖ) енгізу болып табылады, ол барлық

деңгейлерде: дайындау, тасымалдау, сақтау, жөнелту шикі мұнай айналымын есепке алуды автоматтандыруға мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер

1. ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы, 2021.
2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурсы. URL: <https://primeminister.kz/kz/news/2021-zhyldyn-korytyndysy-boyynsha-munay-salasynda-munay-ondiru-kolemi-857-mln-tonna-dengeyinde-bolady-dep-kutilude-energetika-ministrliги-2211223>
3. «ҚазМұнайГаз» АҚ-ның жылдық есебі. 2020.
4. Баймуратов У., Панин В. Нефтегазовый сектор экономики и финансовая система Республики Казахстан // Қаржы - қаражат - Финансы Казахстана. - 2013. - № 5. - С.67-70.
5. Клименко А. Нефтегазовая отрасль Республики Казахстан: цифры и факты [Электронный ресурс]. URL: <http://www.zakon.kz/62664-neftegazovaja-otrasl-respubliki.html> (дата обращения: 14.11.2019).

ӘОЖ 330

КӘСПОРЫНДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІНЕ ЦИФРЛАНДЫРУ ПРОЦЕСІН ЕНГІЗУДІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Калдыбаева Данира Орынбаевна

Danira_77@mail.ru

«Экономика» мамандығының докторанты, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші - Исаева Б.К.

Цифрлық технологиялар өмірдің барлық салаларына белсенді түрде енуде. Ақпараттық технологиялар азаматтардың барлық санаттарына – жас балалардан зейнеткерлерге дейін ақпараттық ресурстардың қол жетімділігі қазіргі қоғамды толғандыратын барлық мәселелерді шеше алады деген идеяны қалыптастырады. Қазіргі заманғы цифрлық технологиялар бүкіл әлемдегі университеттер мен басқа да білім беру мекемелерін дамытудың жаңа құралдарын ұсынады. Цифрландыру адамдарға күнделікті өмірде көбірек білуге және ақпараттандырылған шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін жинақталған тәжірибе мен біліммен алмасуға мүмкіндік береді [1].

Keң мағынада, "цифрландыру" процесі әдетте сандық технологияларды жаппай енгізу және ассимиляциялау, яғни ақпаратты құру, өңдеу, алмасу және беру технологияларынан басталған әлеуметтік-экономикалық трансформацияны білдіреді. Сандық нысаны бар технологиялар сандық болып табылады. Олардың қазіргі кездегі жүйелік өзгерістерге қатысты кейбір жалпы аспектілері бар. Осы технологиялардың даму динамикасының төрт жалпы аспектісін қарастырайық: